

## Нұра аудандық мәслихатының 2 сессиясының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 22 "Нұра ауданының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

### Күшін жойған

Қарағанды облысы Нұра аудандық мәслихатының 2014 жылғы 12 қыркүйектегі 30 сессиясының № 326 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 6 қазанда № 2790 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра аудандық мәслихатының 2024 жылғы 26 маусымдағы № 98 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра аудандық мәслихатының 26.06.2024 № 98 шешімімен (алгашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТИ**:

1. Нұра аудандық мәслихатының 2 сессиясының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 22 "Нұра ауданының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 8-14-170 болып тіркелген, 2012 жылғы 7 сәуірдегі № 14 (5248) "Нұра" газетіндегі жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Ереженің 3-тармағы жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"3. Тұрғын үй көмегі Нұра ауданының кентінде тұрақты тұратын, осы тұрғын үйде тіркелген, оның меншік иелері немесе тұрғын үйді пайдаланушылар (жалдаушылар) болып табылатын тұлғаларға тұрғын үй-жайларда (тұрғын үйде) коммуналдық қызметтерді тұтынуға, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу төлеміне тұрғын үй аумағының шекті шамасында, өтемақылық шамалармен қамтамасыз етілген жағдайда, бірақ алатын нақты жалпы аумағынан тұрғын үй-жайларда (тұрғын үйде) коммуналдық қызметтерді тұтыну, жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысына ақы төлеу шығындарының мөлшерлерінен

аспайтын, сондай-ақ телекоммуникациялық қызметтер көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифтерінің өсуі, отбасы (азаматтың) бюджетінде осы мақсаттарға шекті жол берілетін шығыстар үлесінен асатын тұлғаларға беріледі.

Қаражат жинақтауға арналған жарналарға, тұрғын үйді жалға алу ақысын төлеуге сонымен қоса, телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне ақы төлеу отбасының (адамның) зейнеткерлік жасқа жетпеген мүгедектер (жалғыз тұратын мүгедектер, мүгедектерден тұратын отбасылар, 18 жасқа дейінгі балалары бар мүгедектер, мүгедектер мен олардың күтімімен айналасатын адамдар) жиынтық табысының сегіз пайызы мөлшерінде белгіленеді, өзге санаттардағы азаматтар үшін отбасының (адамның) жиынтық табысының он пайызы мөлшерінде белгіленеді."

;

көрсетілген шешіммен бекітілген Ереженің 18-тармағы жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"18. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін отбасы (азамат) Қазақстан Республикасы Үкеметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 Қаулысымен бекітілген Тұрғын үй көмегін көрсету ережесінің 4-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады".

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Э. Таттыбаев

Аудандық мәслихаттың хатшысы

Б. Шайжанов

КЕЛІСІЛДІ:

"Нұра ауданының

жұмыспен қамту әлеуметтік

бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік

мекемесінің басшысы

Г. Жұпенова

16 қыркүйек 2014 жыл